

Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 29 желтоқсандағы
N 488 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 V001155_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2-тармақтың екінші бөлігінің:
бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже клиент және оған қызмет көрсететін банк арасындағы шартқа сәйкес жасалатын:

1) осы банктегі бір клиенттің иелігіндегі банк есепшоттары бойынша;

2) клиенттің банк есепшоттары бойынша солардың есебіндегі ақша сомаларының өзгерістерін бухгалтерлік есепте көрсету, оның ішінде тиесілі сыйақыны көрсету үшін банк жүргізетін;

3) клиенттің банктік есепшотына қызмет көрсеткені үшін банктің комиссиялық алымдарды алуы бойынша қолма-қол жасалмайтын төлемдерін жүзеге асыру тәртібін реттемейді (төлем құжаттарын және оларды қайтарып алу немесе тоқтата тұру туралы өкімдерді ресімдеуден басқа).".

2. 12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Заңды тұлғалар арасындағы 4000 айлық есептік көрсеткіштен асатын төлемдер тек ақша аудару тәртібімен жүзеге асырылады."

3. 29-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Ақша жөнелтуші Қазақстан Республикасы валюта заңдарының талаптарына сәйкес валюта операциялары бойынша төлем жасағанда және (немесе) ақша аударғанда қызмет көрсететін алушы-банкке белгіленген нысандағы бланкіде (N 2 қосымша) ақша аударуға өтініш ұсынады. Мұндай өтініш ақша жөнелтушінің қызмет көрсететін алушы-банкке төлем тапсырмасы б о л ы п т а б ы л а д ы . "

4. 33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Бенефициар төлемдік талап-тапсырманы белгіленген нысандағы бланкіде (N 3 қосымша) бенефициардың банкіне немесе тікелей ақша жөнелтушінің б а н к і н е ұ с ы н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Бенефициар бенефициардың банкіне бірнеше төлемдік талап-тапсырмаларды ұсынған жағдайда, оларға төлемдік талап-тапсырмалардың тізілімі белгіленген нысандағы бланкіде (N 4 қосымша) қоса беріледі. Төлемдік талап-тапсырманың " төлемнің мақсаты" бағанында бенефициар төлемдік талап-тапсырманы ұсынуға негіз болатын құжаттар деректемелерін көрсетуге міндетті."

5. 36-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Жазылған күні көрсетілген төлемдік талап-тапсырма мен қоса берілген тізілімді бенефициар отыз күнтізбелік күн ішінде бенефициардың банкіне ұсынуы мүмкін немесе төлемдік талап-тапсырма ақша жөнелтушінің банкіне ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н . "

6. 40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Ақшаны өндіріп алушы ақша жөнелтушінің банкіне осы өндіріп алудың дәлелдігін растайтын орындалатын парақтардың немесе сот шешімдері, үкімдері, анықтамалары және қаулылары бойынша берілетін бұйрықтардың не ақшаны өндіріп алу туралы сот бұйрығының түпнұсқаларын қоса инкассалық өкімді немесе соттың мөрімен расталған олардың көшірмелерін ұсынады.

Ақша жөнелтушінің банк есепшотынан оның келісімінсіз ақша алудың дәлелдігін растайтын орындалатын құжат, егер орындалатын құжаттың мәтінінде

өзгеше белгіленбесе, банкке көрсету үшін тек бір инкассалық өкімнің негізі ғана болып табылады. Салық қызметі және кеден органдарының инкассалық өкімдері осы өндіріп арудың дәлелдігін растайтын орындалатын құжаттарсыз ұсынылады.

7. 49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Егер алушы-банк санкцияланбаған нұсқау туралы жөнелтушіден уақтылы хабар алып, санкцияланбаған нұсқауды орындаған жағдайда, ол жөнелтушіге олардың арасында жасалған шартта көзделген тәртіппен осы нұсқауды орындауға байланысты нақты шығындардың орнын толтырады."

8. 51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Нұсқауды жөнелтуші алушы-банкке нұсқауды кері қайтару өкімін белгіленген нысандағы бланкіде (N 7 қосымша) жіберу жолымен қайтарып алуы мүмкін. Осындай өкімнің орындалу мерзімі жөнелтуші және алушы-банк арасында жасалған шартта белгіленеді.

Жөнелтуші және алушы-банк арасында жасалған шартта нұсқауды кері қайтару туралы өкімді электрондық тәсілмен беру көзделуі мүмкін."

9. 54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Жөнелтушінің орындалмаған нұсқауды кері қайтару туралы өкімін уақтылы алған кезде алушы-банк осы нұсқау бойынша ақша аударуға құқығы болмайды және ол бір мезгілде жөнелтушіге алынған өкімнің орындалуы туралы хабарды жібере отырып, осы өкімді алған күннен кейін келетін жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқауды қайтаруы тиіс."

10. 65-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын.

11. 70-тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын.

12. 100-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақша жөнелтушінің келісімінсіз оның банк есепшотынан ақша алу бойынша өндіріп алушының құқығы көрсетілген өндіріп алушы мен ақша жөнелтуші арасындағы шарт негізінде төлемдік талап-тапсырманы, сондай-ақ ақша жөнелтушінің ішінара немесе толық жазбаша түрде мойындаған талабына, сондай-ақ ақша жөнелтушінің келісімінсіз оның банк есепшотынан ақша алу бойынша өндіріп алушының құқығы көрсетілген жауапты, кепілдемені және басқа да құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілген құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесін қоса беруге болады."

13. 102-тармақ алынып тасталсын.

14. 107-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"107. Ақша жөнелтуші банкте төлемдік талап-тапсырманы ақша жөнелтушіге қағазбен қолма-қол немесе электрондық тәсілмен беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, ақша жөнелтуші банк төлемдік талап-тапсырманы алған күннен кейін келетін жұмыс күнінен кешіктірмей оны жіберілетін хат-хабарлар журналына

сол күнді тіркей отырып поштамен жібереді.

Ақша жөнелтуші банк ақша жөнелтушіден төлемдік талап-тапсырманы акцептеу немесе акцептеуден бас тартқаны жөнінде жауап алмаған жағдайда төлемдік талап-тапсырма жазылған күннен бастап отызкүннен кейін осы төлемдік талап-тапсырманың өзіндегі данасын ақша жөнелтушіден төлемдік талап-тапсырманы акцептеу немесе акцептеуден бас тартқаны жөнінде жауап алмағаны туралы хабарламамен бірге қарамай-ақ төлемдік талап-тапсырманы берген адамға қайтаруға құқылы."

15. 124-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"124. Уәкілетті мемлекеттік органдар немесе банк есепшотына тыйым салу құқығы бар лауазым иелерінің тиісті шешімдері негізінде ақша жөнелтушінің банк есепшотындағы ақшаға тыйым салынған және тыйым салынбаған ақша жеткілікті болған жағдайда алушы банк түскен нұсқауларды орындайды.

Ақша жөнелтушінің банк есепшотындағы тыйым салынған ақша жеткіліксіз болса алушы банк келіп түскен нұсқауды сақтайды және оны қажетті ақша сомасы жиналғаннан кейін немесе уәкілетті мемлекеттік органдар немесе банк есепшотына тыйым салу құқығы бар лауазым иелерінің шешімдері өзгергеннен кейін орындайды.

Уәкілетті мемлекеттік органдар немесе банк есепшоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға құқығы бар лауазым иелерінің тиісті шешімдері негізінде ақша жөнелтушінің банк есепшоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатылған жағдайда, алушы банк мұндай шешімдерді алғаннан күннен бастап келіп түскен нұсқауларды сақтайды және оларды уәкілетті мемлекеттік органдар немесе уәкілетті лауазым иелерінің шешімдері өзгергеннен кейін орындайды."

16. N 2 қосымша жаңа редакцияда жазылсын (осы өзгерістер мен толықтыруларға қосымша).

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкі Басқармасының 2000 жылғы
25 сәуірдегі N 179 қаулысымен
бекітілген Қазақстан
Республикасының аумағында
төлем құжаттарын пайдалану
және ақшаның қолма-қол
жасалмайтын төлемдері мен

аударымдарын жүзеге асыру
ережесіне өзгерістер мен
толықтыруларға
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкі Басқармасының 2000 жылғы
25 сәуірдегі N 179 қаулысымен
бекітілген Қазақстан
Республикасының аумағында
төлем құжаттарын пайдалану
және ақшаның қолма-қол
жасалмайтын төлемдері мен
аударымдарын жүзеге асыру
ережесіне
N 2 қосымша

АҚША АУДАРУҒА АРНАЛҒАН ӨТІНІШ

! күні ! !

!Ақша жөнелтуші	!	!	Есепшотқа дебеттеу	ЖБК	!
! _____!	!	!	_____!		
!	!	!	!		
!	!		_____		
!	!		_____		
!	!	!!	! П	!	КОд

! СТН ! ! ! ! !

IN_o- (1) Резидент; (2) Резидент емес

II- Экономика секторы (0-9)

! Алушы банк ! ! Валюталау күні !

! !ББК ! ! _____ !

! ! !

! ! !

! Валюта ! Сом ! ! Сомасы жазумен !

! ! ! ! ! ! !

! Бенефициар ! ! Есепшотка кредиттеу ЖБК !

! Ел ! ! ! !

! ! !

! ! !

! ! !

! ! III ! IV ! КОд

!СТН (егер ! ! _____

!бар болса)! ! ! ! !

III- (1) Резидент; (2) Резидент емес

IV- Экономика секторы (0-9)

!Бенефициар банк ! ! Делдал банк !

!Ел ! ! ББК ! ! ! ББК !

! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! !

!Алушы банктің комиссиясы ! !Делдал банктің комиссиясы !
!Ақша жөнелтушінің есебінен ! !Ақша жөнелтушінің есебінен !
!Бенефициардың есебінен ! !Бенефициардың есебінен !

!Келісім-шарттың ! !Төлемнің мақсаты !
!нөмірі, күні ! _____
_____ !ТБК !
! _____ ! ! _____ !
! _____ ! ! _____ ! _____ ! _____ !

!Ерекше жағдайлар !

!Ақша жөнелтушінің қолдары ! !Алушы банк өткізген !
! _____ ! _____ !

!Басшының аты-жөні _____ ! !"___"_____ж. !
!М.О. қолы _____ ! !Жауапты орныдаушының қолы _____ !
!Бас бухгалтердің _____ ! _____ !
!аты-жөні _____ ! _____ !
! қолы _____ ! !М.О. _____ !

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК